

О.Қ. Сұлтанғалиева¹Б.А. Ердембеков²¹Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан²Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан

*Корреспонденция үшін автор: sultangalieva_74@mail.ru

Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ поэзиясының ұлттық-этнографиялық ерекшеліктері

Аңдатпа. Мақалада Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясының идеялық ерекшелігіне сипаттама беріледі. Бұл ретте ұлттық құндылықтар, ұлттық идея, туған жер, жалпыадамзаттық құндылықтар, ұлттық сана-сезім туралы пікірлерге түсінік беріліп, талданады. Қазақ халқының отаншылдық рухы мәселесі ата-бабаларымыздың аманат еткен жерін қорғау, туған жерді сүю халықтық болмыстан бойға дарыған, ой-сананы жетілдіретін құбылысқа айналып отыр. Мақалада Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясының өкілі Бауыржан Құрманқұлов туындыларындағы туған жер, ұлттық құндылықтар мәселелері қарастырылады. Ақынның «Туған жерде туған жырлар» атты өлеңдер топтамасындағы «Жымпиты», «Қырыққұдық» және «Домбыра үні» өлеңіне идеялық талдау жасалады. Ақынның өршіл жырларындағы халықтық болмысқа құрылған танымдық ойлар талданады. Ақын, журналист Индира Өтемістің туған жер тақырыбына арналған өлеңдер топтамасындағы «Ойыл», «Туған жермен қоштасу», «Ауылға кетем» өлеңдерінде лирикалық кейіпкердің туған жер туралы нәзік иірімге толы сезімдері арқылы перзенттік сағынышы сипатталады. Жас ақын Гүлжайнар Қалдинаның Тәуелсіздік туралы жырларының ішіндегі «Махамбеттің монологы», «Мағжанның монологы», «Қазақ – біз!», «Айбын», «Қазақ деген – осы біз!» сынды рухты жырлары және ұлттық құндылыққа толы тәрбие тақырыбына құрылған «Өке тілегі» өлеңі талданды. Ақын шығармашылығы туралы белгілі қаламгер Мейірхан Ақдәулетіұлының, сыншы Бағашар Тұрсынбайұлының пікірлері келтіріледі. Олар ақын Г.Қалдинаның отаншылдық мәнге құрылған жырларының көркемдік деңгейі жоғары, оқиғасының өрбуі шынайы екеніне назар аударып, оның өлеңдері Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиетімізден маңызды орын алатыны туралы тұжырым жасайды.

Түйін сөздер: тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиет, ұлттық құндылықтар, ұлттық идея, туған жер, жалпыадамзаттық құндылықтар

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-142-1-154-162>

Кіріспе

Қазақ поэзиясының бүгінгі таңдағы беталысын бағамдап, өткенге көз жүгірту арқылы өмірді біртұтас танып, оның болашағының дамуын, өркендеуін көруімізге мүмкіндіктер бар. Білу керек, бұл тек қана әдеби көркем мәтіндерде ғана емес, біздің қазақи

тұрмыс-тіршілігіміздің ерекшеліктері мен құндылықтарын танытатын өзіндік біртұтас жүйе ретінде темірқазық болып табылады.

Материал және зерттеу әдістері

Мақалада ұлттық құндылықтар, ұлттық идея, туған жер, жалпыадамзаттық құн-

дылықтар, ұлттық сана-сезім туралы ғылыми еңбектерге талдау жасалып, Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясының өкілі Бауыржан Құрманқұловтың, Индира Өтемістің, Гүлжайнар Қалдинаның туындыларындағы халықтық болмысқа құрылған танымдық ойлар мен өршіл рух, ұлттық тәрбие мәселелері талданады. Мақалада талдау, салыстыру әдістері қолданылады.

Әдебиетке шолу

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі құндылықтарымызды қайта жаңғыртып, не болмаса қайта баға беруіміздің себептерін ескермей кетуге болмайды. Әдебиеттің қандай типінде жазылса да, қандайда бір тақырыпты қозғап, идеялық шешім шығарса да, қортындысына келгенде автордың негізгі мақсаты ұлтымыздың дәстүрлі құндылықтарын жаңадан туындауына немесе оған жаңаша бағытта баға беруге деген ынталануына барып тіреледі. Халқымыздың дәстүрлі қазынасын, оның жалпыадамзаттық рухани байлығын дәріптеу, мүмкіндігінше жаңғырту идеясы көркем шығармаға тиесілі. Себебі, әдебиет кейіпкерлердің «...тұрмыс сарынын түптеп, терең қарап әңгімелеп, түгел түрде суреттеп көрсететін» [1, 327] көркем шығармалардың құндылықтар жүйесін, жалпыадамзаттық құндылықтардың көріну ерекшеліктерін ашып беруге көмектеседі. Бұл өмірдің әрқилы белестеріндегі сатылы қиындықтарды көрсете отырып, халық ішіндегі, оның адамдар арасындағы ұлтымызға тән ең басты рухани әдеби байлығымызды да айқындап береді. Тәуелсіздік тұсында жарық көрген поэзиялық шығармалардың көтерген тақырыптары мен мәселелері, тілдік ерекшеліктері біркелкі емес. Қазіргі таңдағы қазақ әдебиетінің ерекшелігі, олардың бағыттарының бір-біріне ұқсамайтындығы, танымдық-идеялық бет-пердесімен ерекшеленеді. Ұлттық әдебиетіміздің бүгінгі сөз өнерінде жаңашылдыққа бағыт алу, тыңнан түрен салу, батыс өңіріндегі үлгінің керегін алып қана қоймай, оны дәстүрлі қалыптарға салу сияқты үрдістер тән. Соның бір бағыты ретінде біз бүгінгі қазақ әдебиетін-

дегі тарихи құндылықтарымызды қайта сарапқа салып, инновациялық әрі тура баға беру процессінің жүріп жатқанын айта кеткеніміз жөн. Бұл қазіргі қазақ поэзиясының ең басты арналарының бірі болып отыр. «Аккультурациялық «өз» бен «өзге», «жақын» мен «жат» проблемасы отаршылдықтың қиянаты-қарағын көрген, шеккен елдердің рухани тіршілік-тынысында ең өзекті де өткір мәселе саналады. ...өміршеңдігі мықты жұрттарда әлгідей процестің аяғы олардың өзін-өзі тануына (азаматтық тарих), өзін-өзі бағалай бастауына (этностық намыс, этностық тіл, этностық мәдениет, этностық салт-сана, т.с.с.) өзінің дербестік даралығына ұмтылуына (егемендік, Тәуелсіздік, мемлекеттілік) апарады [2, 22]. Ұлттық психологияның барынша айқын бейнесін тауып, оның бейнеленуінің бар көркемдігі танылатын, ойлау бағытының өзіндік маңыздылығы аңғарылып, көп жылдар бойы қалыптасқан тәрбие көріністері мен әдемілікке деген пікір анық тайға таңба басқандай жазба әдебиеттің, сөз өнеріндегі орны ерекше. Жоғарыда айтып өткеніміздей, қазақ әдебиеті басқа ғылым бағыттарына пайдасы бар, қажетті мәліметтерді әрі қатпарлы дүниелерді өз бойында сақтайды. Жоғарыдағы фактілерді ескеретін болсақ, қазақ әдебиетінің құндылық бағыттарын назарға ұстап, ұлтты тануға, айқындап білуге деген функциясының осылай қалыптасуын заңдылық деп қабылдап, білген жөн. Бұл туралы мәдениеттанушы ғалым Б.Сатершинов: «Тәуелсіздік тұсындағы қазақ халқының қоғамдық санасындағы түбегейлі өзгерістер тарихи тағдырдың тәлкегімен ұмыт болған ұлттық дәстүр мен мәдениетті қайта жаңғыртуымен сипатталады», - дейді [3, 3]. Осы тұста қазақ авторларының тарихи шындықтың дәл бейнесін көркем шығармалар арқылы беріп, халықтың есінде сақталған тарихи жайттарға бүгінгі күн тәжірибесінен баға беруге ұмтылысы нақты аңғарылады. Қазақ тарихының айтулы беттері, әсіресе ұлт жадында өшпестей болып сақталып қалған аыр ад азапты кезеңдер қаламгерлер шығармашылығына арқау болып отыр.

Аталмыш қоғам түрінде, әсіресе түркілік-қазақы менталитеттің өзегіне қарайтын

болсақ, этикалық құндылықтардың үстем болғанын байқау қиынға соқпайды. «Қазақ дәстүрлі мәдениетіндегі әдептіліктің басты белгілеріне жататындары: атамекен мен туған халқына деген сүйіспеншілік, ар-ұятты қастерлеу, намысты болу, мейірімділік, ізеттілік, ата-бабалар аруағы мен ақсақалдарды сыйлау, ата-аналық парыз бен балалық қарыз, әділдік, қанағатшылдық және т.б.» деген профессор Т.Ғабитовтың пікірі дәстүрлі қазақ өмірінде экономикалық-материалдық құндылықтардан этикалық-моральдық құндылықтардың үстем болғанын айғақтайды [4, 241].

Жалпыадамзаттық құндылықтар әртүрлі ракурста көрініс табады. Ол мүмкіндігінше әдебиеттегі бас бейненің жас ерекшелігіне, ұлттық қалыптасуына, жеке ойлау қабілетіне және болып жатқан әртүрлі құбылыстарға қарай өзгеріске ұшырап отырады. Сонымен бірге әдеби мәтіндердегі құндылықтар жүйесі әдеби-поэтикалық даралық жайына да қатысты. Әдебиеттің тектері мен түрлері тұрғысынан қарағанда өнерге арқау болған өмірлік шындықтың, ондағы көрінер құндылықтар жүйесі де әркелкі сипатта бейнеленеді. Лирикада сәнді иірімдер мен махаббатқа толы бейнелер аз емес. Ал эпикалық туындылар құндылықтарды кең көлемді баяндау жүйесі арқылы танытады. Поэзияның жалпыадамзаттық құндылықтарды таныту тәсілдері жанрлық-формалық тұрғыдан ерекшеленеді, осыған сәйкес жан-жақты жаратылыс туралы айтылар сыр да басқа эстетикалық тізбектер арқылы басылады. Стилдік ерекшеліктеріне қарай әдеби көркем жазылымдардағы құндылықтар бағыттарының көріну, танылу бейнесі де түрленіп отырады. Әсіресе бүгінгі қазақ поэзиясына келетін ерекшеліктердің бірі ретінде болған ақиқатымызға қайта оралып, жаңаша көзқараспен қарап, ұлттың спецификалық бағыттар жүйесін салмақтай аламыз. Сондықтан тәуелсіздігіне аяқ басқан ұлттардың өміріне көз жүгіртсек, бұл қалыпты жағдай екендігі көрінеді.

Соңғы отыз жылда тарихи тақырыптардың қайта жандану үдерісі үдей түсті. Қазіргі әдебиеттің осындай сипатын байқаған зерттеушілер «бұрын болған, бірақ са-

на-сезімнен күшпен ығыстырылған ұлттық таным-түсініктердің ментальдық модельдерін реставрациялау мен реконструкциялаудың кезеңі келгенін» растайды [2, 179]. Бұл ретте: «Үлкен әдебиет қашанда халық өмірінің белді кезеңдерін, дәуір тудырған әлеуметтік тартыстарды, қоғамдық-саяси ағымдарды, психологиялық шытырмандарды айналып өте алмайды», - дейді академик Р.Нұрғали [5, 56]. Ал академик С.Қирабаевтың: «Қазақ әдебиетінің тарихын, көне дәуірден бүгінгі күнге дейін өткен жолын зер сала қараған адам сол дәуірдің бәрінде де жалғасып, үзілмей келе жатқан бір ұлттық идеяны көреді. Ол – халықтың бірлігі, Тәуелсіздік, ешкімге бодан болмай, дербес елдікті сақтау идеясы» [6, 59], - деген пікірі бұған дәлел болады. Тәуелсіздік, еркіндік идеясының қазақ тарихының қай кезеңінде де толастамағанын М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары шығарған «Тәуелсіздік идеясы және көркем мәдениет» атты көптомдық еңбектен де байқауға болады.

Нәтижелер және талқылау

Тәуелсіздік кезеңі поэзиясында туған жер, ұлттық құндылықтар тақырыбы жиі кездеседі. Осы кезеңде қалам тербеген ақындардың бірі Бауыржан Құрманқұловтың өлеңдері «Кеш емес әлі», «Хат», «Кешір мені», «Беу, дүние-ай!..» жинақтарына енген [7].

Ақынның «Туған жерде туған жырлар» атты өлеңдер топтамасы Жымпиты, Қырыққұдық жерлерін жырлауға арналған. «Жымпиты» өлеңінде:

«Көңілді көркің,
Күн кейпің,
Сағындым сені, Жымпитым.

Пәк жүрек аңсап өзіңді,
Бөліңді тағы түнгі ұйқым» [8, 169-170], - деп жырлайды.

Ал «Қырыққұдық» туралы жырында ауылының көркем бейнесін суреттеп, оның орны қалмағанына өкініш білдіреді:

«Оралғанда жылдар салып араға,
Орны жатыр, Қырыққұдықтың өзі жоқ!» [8, 171-173].

Ұлттық құндылықтар тақырыбы ақынның «Домбыра үні» атты өлеңінде көрініс тапқан:

«Тілейгінім –

тек қана домбыра үні...

домбыра үні үзіліп кетпесе екен», - деп келтіреді [8, 191-192].

Ақын өз шығармашылығы туралы: «Көңіліңізден шықпаса – сөге жамандамаңыз. Ал, ішкі дүниенізбен үндесетін бір шумақтарды тауып жатсаңыз – мен ризамын, яки ақындық тағдырыма еш өкпем жоқ», - деп оқырманымен сырласады [8, 4-5].

Ақтөбе өңірінің тумасы, ақын, журналист Индира Өтемістің өлеңдері «Жәдігер» Ақтөбе өңірінің антологиясына, «Гүл-ғұмыр», «Білезік» жинақтарына енген.

Оның туған жер тақырыбына арналған өлеңдер топтамасындағы «Ойыл» атты жырында:

«Алматы ма, Ақтөбе ме, Ақтау ма –

Болғанымен бәрі лайық мақтауға,

Жылтыраққа жүгінбейтін жүрегім

Сағынышын саған ғана сақтауда» [9, 7]. Осы

тақырыптың жалғасы «Туған жермен қоштау» өлеңінде қозғалады:

«Аяулым менің, аяулы атамекенім,

Көктемдеріңнің ақ бұлты болып,

Сел қылып сені өтемін.

Кеудемде менің сағыныш-шамдар

Жарқырап тұрған шақтарда,

Аспаныңмен астасып сенің,

Ақ түнің болып кетермін» [9, 23].

Ал «Ауылға кетем» өлеңінде:

«Далаға қайтам, даланың таңын сағындым,

Көзіменен-ақ аймалай алар бәрін Күн.

Жолында ешкім тұрмайтын ерке самалы –

Алақаны еді таңымның» [9, 35], - дей келіп,

туған жердің қадір-қасиетін рухани таным тұрғысынан жырлайды.

Адамзат тарихындағы фольклор мен әдеби шығармалары ұрпақтардың көркемдік ойлау дүниетанымы сөзбен бейнелеу, таныту қызметін атқарып келеді. Адамдардың дүниеге келгенінен бастап өмірден өткеніне дейінгі аралықтағы өзіндік таным нәтижелерін, келер ұрпақтарға аманат болып қалатын тағылымын өнер шығармалары ғана атқарады. Адамдардың әрбір ісінің басталуы мен аяқталуы белгілі бір жүйемен, шешім-

мен тиянақталады. Сөз өнері туындыларында адам ойының осындай жүйесі басшылыққа алынады. Яғни, шығарма авторы туындының нысанындағы адамдар іс-әрекеттерінің, оқиғалардың басталуы мен аяқталуы аралығын жүйелей отырып, әрбір сюжеттік-композициялық құрылымның белгілі нәтижелі түйіндеулерін жасайды. Шығармадағы сюжеттік шешімі мен көркемдік шешім – үндес ерекшеліктер. Көркемдік шешім шығарманың құрылысындағы тартыстардың табиғилығы деректерден туындайтын қиял қосындыларының нанымдылығы, шығарма кейіпкерлерінің өмірлік шындықтағы тағдыр деректерін сұрыптау, кескін-келбет табиғилығы мен айдап қосу сәйкестігі, табиғат аясындағы адам тіршілігінің шынайылығы, жан әлемі психологиясын ашу, ұлттық-этнографиялық дәстүрлерді уақыт шындығымен сәйкестендіру, т.б. сан алуан мәселелерді қамтиды. Тұтастай алғанда, көркемдік шешім эстетикасы адам жан әлемі мен қоршаған орта тұтастығының күрделі кешенді үйлесімі мен қайшылықтарын қамтиды.

Әрбір қоғам түрі мен қоғамдық формацияның өз доминантты құндылықтары болады. Дәстүрлі, индустриалды және постиндустриалды білім қоғамдарының өзіне тән ойлау жүйесі – менталдық білімі, соған сай құндылықтар жүйесі өмір сүреді. Біздің ойымызша, тарихи тақырыптағы көркем туындылар дәстүрлі қоғамның құндылықтар жүйесін тануға жол ашады. Себебі осындай туындыларда архаикалық мәдени бейнеге ұқсас кейіпкерлер сирек кездеседі, сонымен қатар олардың бойында этикалық, әлеуметтік және діни құндылықтар көп болып келеді. Сондықтан да көрсетілген бейнелердегі кейіпкерлер жеке тұлғалық құндылықтарға қарағанда ұжымдық құндылықтар көлемінде өмір сүреді. Тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиетінде тарихи тақырыптар бірнеше арнада көрінеді. Осылардың көпшілік басымдылығы бұрын айтылуға тыйым салынған тақырыптар қатарында болған ұлт-азаттық көтеріліс, ашаршылық заман, репрессия, тың және тың игеру, кеңестік жүйенің дұрыс емес саясатын әшкере қылған басқа да мәселелерді қамтиды.

Қазақ мемлекетінің өзгеге тәуелді отаршылдық дәуірінде ұлттық рух бәсеңдеп, эпостың бұрынғы батырлық рухы әлсіреп, сюжеттер аңыз бен әңгімеге ауысып, новелликалық сипат алады. Ал егемендікке қол жеткізгеннен кейін елімізде ұлттық салт-дәстүрді жаңалау, сараптау, білу, мәдени-рухани бірегейлікті іздеу, қайта бағалау жүйесі шапшаң алға жылжи бастады. Осының үрдіс аясында көрініп жатқан құндылықтарды біз шартты түрде Тәуелсіздік құндылықтары деп атаймыз.

Жалпыадамзаттық рухани байлықтар көркем шығарманың тақырыбы мен мазмұнын, кейіпкерлердің бейнесін, олардың ішкі болмысы мен сезімдік күн кешулерін, әрекеттерінен, сонымен қатар символдық, концептік бірліктерден, жазба жұмыстарындағы көркемдік элементтерден айқын көрінеді.

Көркем шығармаларда жалпыадамзаттық құндылықтар бинарлық оппозиция құрайды. Жалпы идеялық негіздегі адамзаттық құндылықтардың бір-біріне қарама-қарсы келуі, кейіпкерлер арасындағы қайшы байланыс және жалпыадамзаттық құндылықтардың өзара қайшы келуі осының нақты дәлелі.

Жаңа әдеби туындының өзегінде тұлға тұр. Сол себепті жеке-дара құндылықтардың мықты болып қалыптасуына жол ашты. Нақты шындықтан гөрі өз пікірі бойынша шындыққа көбірек ден қою, өмірдегі болып жатқан шындықтан гөрі жеке тұлғаның ішкі ой сараптары мен сезімдік арпалыстарына басымдылықпен мән берілуі әдеби-поэтикалық жағынан сюжеттің рөлін барынша төмендетіп, шығармадағы бейнелер санының кемуіне себеп болды және формалық өзгерістерге әкелді.

Жас ақын Гүлжайнар Қалдинаның жырлары екі мыңыншы жылдардан бері жиі көріп келеді. Жас ақынның поэзия айдынындағы аяқ алысы туралы Мейірхан Ақдәулетұлы: «Қазақ өлеңіне өз өрнегі, өз үйі, ең бастысы, өз «мені» бар, демек өзінен бұрынғы ақындарға да, тұстастарына да ұқсамайтын, ұқсағысы келмейтін ақын келді. Жаңа үні, жаңа жақсы өрнек. Дүниені жаңа көз-көңілмен көру», - деп бағамдайды [11, 3].

Ақынның Тәуелсіздік туралы жырлары «Махамбеттің монологынан» бастайды:

«Азат та, азат, азат күн,
Азаттылығыңды айқайлап айт та.
Отына таста тозақтың.
Қасиетіне мені тік тұрғызды
Қаламайтын құрдымға
Мен, Махамбет, қаны қайсар қазақпын!» [12, 90].

Әрі қарай ақын елін, жерін, рәміздерін жырға қосады. «Мағжанның монологы» атты өлеңі өр рухты қазақ халқын дәріптеуге арналған:

«Көкке жайған қос қолымның бағы бар,
Бұлтқа бейнем.
Жетгі және айға атым.
Төркінім де исі ТҮРКІ – танып ал,
Қанымдағы КӨК БӨРІНІҢ қайратын!...» [12, 88].

Бұл тақырыпты «Қазақ – біз!» атты өлеңінде әрі қарай жалғастырады:

«Беу, ҚАЗАҚ!
Биігін құлатпай,
Үйірін жылатпай
Сауытты Сақ бабам
Қауымды сақтаған

...

Дұшпанын бастырмаған,
Досына қас қылмаған
ҚАЗАҚПЫЗ!» [12, 103].

Ал «Айбын» атты өлеңінде Ата заңымызды жырға қосып, мемлекеттік рәміздеріміздің рухты сипатын бейнелейді:

«Оятқан бейбіт елдің таңын Азан,
Салтанатпен шуағын жайса күнім.
Атамның қаныменен жазылған заң,
Қазақтың қалықтатсын қайсар үнін!» [13, 94-95].

Ақын Г.Қалдинаның «Қазақ деген – осы біз!» атты рухты жыры Көк байрақ пен Өнұранымыздың қадір-қасиетін сипаттауға арналған:

«Ұраным бұл – ән қалықтар қанымда,
Тұраным боп тыңдайды әлем аспаны!
Ұлы әнім бұл – тарихым да, таңым да,
Тұрағым бұл – текті ұрпақтың дастаны» [13, 108-109].

Жас та болса, жырлары аға буынның салиқалы пікіріне ие болған Г.Қалдинаның

«Әке тілегі» поэмасы туралы сыншы Б.Тұрсынбайұлы былай дейді: «Көркемдік деңгейі жоғары, оқиғасының өрбуі шынайы. Тарихи шындыққа құрылған оқиға желісі нанымды шыққан» [14]. Поэмада ұлттық тәрбие қайнарынан сыр шертіледі.

Жаңа дәуір, жаңа талапқа сай көркем әдебиетке қойылатын міндет те ұлғаяды. Кей дәстүр мүлде жойылып кетеді. Әрине, ескі, дәстүрлі түрлер бірден жойылып, түгелдей жаңаланып жатпайды. Көркем әдебиет санадағы құбылысты бейнелемек. Егемендік алған еркін елдің өр поэзиясындағы рухты ойлар, жаңашыл тіркестер, тың әдістер – жаңа заман поэзиясының заңды жалғасы.

Жалпыадамзаттық құндылықтардың қазіргі поэзиядағы көріну арналары турасында айтсақ, қазіргі қазақ әдебиетінде тарихтың ақтаңдақ беттері мәдени-көркемдік тұрғыдан қайта безбеңделіп жатыр. Халықтың жадында өшпестей із қалдырған нәубет жылдар мен ірі тарихи оқиғалар бүгінгі күн биігінен бағаланып жатыр. Сонымен қатар, кейінгі ширек ғасырдағы қоғам бейнесі, экономикалық қоғам қысымы, белгілі бір нәтижесі мен кемшілігі заманауи шығармашылыққа әкеліп соғып отыр. Қазақ әдебиетіндегі атаалмыш үдерістер өз кезегінде әр қилы мазмұндық тақырыптық-идеялық, стильдік-ерекшелік ізденістердің қалыптасуына негіз болып отыр. Шындап келгенде, бұл стильдік ерекшеліктер мен тенденциялар ұлттың бірлігін пайымдауға, мәдениетіміз бен болмысымызды анықтауға, жеке дара егемендігімізді бүтіндеуге хәм қызмет етіп отыр. Әдебиет осындай тұстарымен қоғамдық санада деколонизациялық процестің жүйрік дамуына қызмет ететіне белгілі. Осындай аса үлкен тарихи-мәдени жауапкершілікті көтеруде поэзияның алатын орны зор. Өйткені халықтың тарихта ізін қайта жаңғырту, оны кеңінен баяндау, тарихи шындықтан тайқымай, барынша боямасыз әрі әсерлі де әдемі жеткізу көркем туындыға тән. Бұл мазмұндағы шығармалар дәстүрлі қазақ қоғамының құндылықтарын тануға мүмкіндік береді.

Жаңа әдебиет өткен өмірдің айқын бейнелерін мәдени-көркемдік тұрғыдан қайта өңдеп, ежелгі дәуірдегі әдеби мұралардан

бастап қазіргі әдебиетке дейін үзілмей жалғасып, өзектілігін жоймай келе жатқан Тәуелсіздік құндылығын дәріптеуде. Ол көркем туындыларда анық айтылмағанмен, идеялық концепция арқылы көрінеді және ар, қанағат, әділдік, жомарттық, мейірімділік сынды құндылықтармен сабақтаса суреттеледі.

Қазіргі таңда поэзияда Тәуелсіздік мазмұндылығын қалыптастырудың және сақтап қалудың алғы шарттары моральдық-этикалық құндылықтарды жаңарту, жаңғырту мәселелері көтеріледі. Соның ішінде ар-ұят, қанағат, мейірім, әділдік құндылықтарына аса мән беріледі.

Ұлттық мінез ұлттық психологиямен, сезіммен, әдет-ғұрыппен, дәстүрмен, сондай-ақ ұлттық экономикалық, тұрмыстық, шаруашылық ерекшеліктермен тығыз байланыста болады. Ұлттық мінез көркемөнер мен әдебиеттің, өлеңнің ұлттық сипатын дәлелдеп көрсететін басты белгі, басты категория және тұлғалы ақындар поэзиясының басты ерекшелігі.

Ұлттық мінез әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілік, салт-санамен байланыста ашылады десек, оған дәлел, түйінді өлеңнің өн бойынан табамыз. Қазақ поэзиясында моральдық, адамгершілік ізденістермен бірге ұлттық қайнарларға үңілу белгісі табиғат, туған дала, қазақы тіршілік хақындағы өлеңдерінен айқын аңғарылады. Өлеңнің ұлттық сипаты дегенде ұлттық мінезден басқа ұлт тарихын терең танып-білу, одан ой қорыту мәселесі де еске алынады. Ақындар өлеңдерінде ұлт тарихына қатысты оқиғалар мен тұлғалар молынан кездеседі.

Өлеңде ұлттық сипат тек ұлттық мінезбен шектеліп қалмай, ұлт тарихымен тамырласып, ақын поэзиясының танымдық, тағылымдық, халықтық қырларын даралай түседі. Халық тарихындағы батырлар мен ақындар, саятшы-серілер, түрлі өнер иелері бірде өз тұлғасымен сомдалса, бірде көркемдік-идеялық мақсатта ойды астарлап, бейнелеп айту мақсатында қолданылады.

Туған жерге деген ерекше сүйіспеншілікті, тарихи оқиғаны, тарихи тұлғаны тілге тиек ете отырып таныту өлеңнің көркемдік әрі танымдық қуатын арттырып тұр. Бұл жер-

де сол жерді мекен еткен елдің әдет-ғұрып, тыныс-тіршілігі, тарихы, адамдары ақын назарынан тыс қалмайды. Қазақ мінезінің қуат алар тарихын, тегін қасиетін танытып, поэтикалық ажарын ашу үшін тарих үзігін бейнелі ойға айналдыра суреттеу ақын қаламына тән ерекшелік. Ұлттық рух тынысы осындай өлеңдерінен реалистік жолмен танылып отырады.

Ұлттық сезімнің шеңберінен еркін шыға отырып, адамзаттық мәселелерді терең толғауға дейін барған қарымды ақындар шығармашылығының ұлттық сипаты жалпыадамзаттық гуманистік мұраттармен үндесіп жатады.

Қорытынды

Әдебиеттану ғылымында әдеби шығарманың табиғатын түсіну үшін олардың көркемдік ерекшеліктерін зерттеудің маңызы үлкен. Қаламгердің шеберлік қырлары, көркем әдебиет туындысының эстетикалық қуаты оның қаламының көркем тілмен жеткізу ерекшеліктерінен байқалады. Бұл қаламгердің шеберлік қырларын танытатын көркемдік стильдің қалыптасу процесі. Стильдік ерекшеліктер көркемдік құралдар жүйесінде, олардың ішкі заңдылықтарынан өрбитін байланыстарымен өзара қарым-қатынастары арқылы көрінеді. Ал қаламгердің өзіндік көркемдік әдісі оның өмірлік материалды танып-бағалау, таңдау және бейнелеудегі өзіне ғана тән ұстанымдарынан келіп шығады. Халқымыздың рухани байлығына айналған қаламгерлер шығар-

маларына біз де, келер ұрпақ та қайта-қайта оралып, өздерінің рухани қажеттіліктерін қанағаттандыра берері талас тудырмайтыны ақиқат.

Тәуелсіздіктен кейінгі жылдар поэзиясындағы стильдік ізденістердің бір қыры поэзиядағы дәстүрлі көркемдеу үлгілерін жаңғырта, жаңарта қолдануын және тыңнан енген поэтикалық бейнелеулерден танылып отырады. Поэзиядағы тіл мен көркемдік жүйесінде ақын сөзінің қуаттылығы, суреткерлік шеберлігі негізінен көріктеу құралдары арқылы поэтикалық тынысы кең лирикалық өлеңдер тудыра білуінен көрінеді. Ұлттық поэзия тарихына бойласақ, ақындарымыздың көркемдік өрнегінен сөз, дыбыс қайталаудың әдемі оралымдары кездеседі. Көне халықтық поэзиядағы қайталау дәстүрі кезеңдермен бірге жаңғырып, поэтикалық мәні тереңдеп, бүгінгі поэзиямызда жаңаша қырымен түрленді. Айшықтау үлгілерінің тұжырым, қалыптасқан ұғымы ортақ болғанымен, әр ақынның шығармашылығы әр бөлек көркемдік әлем екенін ескерсек, аталмыш көркемдік тәсіл әр қырынан түлеп, қазіргі лирикамыздың биік деңгейге жетуіне бірден-бір негіз болып отыр. Мақалада қарастырылып отырған кезеңдегі поэзияның ең басты табысы – оның көркемдігінде. Дәуірдің қоғамдық-әлеуметтік келбетін суреттей отырып, қаламгерлеріміз оны лирикалық кейіпкерлердің мінезі, қарым-қатынасы, әрекеті, ой-аңсары, мақсаты, ішкі жан-дүниесі және ұлттық құндылықтардың рухты арқылы бейнелеп берді.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы А. Алтытомдық шығармалар жинағы. Т.1. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – 384 б.
2. Қамзабекұлы Д., Омаров Б., Шәріп А. Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік. Монография. – Алматы: «ARNA-B», 2013. – 192 б.
3. Сатершинов Б.М. Қазіргі Қазақстан мәдениеті дамуының негізгі бағдарлары мен қайшылықтары: филос. ғыл. канд. ...автореф. – Алматы, 2000. – 26 б.
4. Ғабитов Т. Қазақ философиясы: ұлттық идея кең мәтінінде. – Алматы: «Раритет», 2010. – 241 б.
5. Нұрғали Р. Шығармалары. Т.3: Сөз өнерінің эстетикасы. – Астана: «Фолиант», 2013. – 388 б.
6. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және қазақ әдебиеті: әдебиеттік зерттеулер, сын мақалалар, естеліктер. – Алматы: «Жібек жолы» БҰ, 2011. – 596 б.
7. Құрманқұл әулеті Бауыржан. – URL: https://aktobeonyry.blogspot.com/2018/11/blog-post_61.html (қаралған күні: 10.04.22).

8. Құрманқұлов Б. Беу, дүние-ай!.. Өлеңдер. – Ақтөбе: «А-Полиграфия», 2014. – 216 б.
9. Өтеміс И. Мейірім: Өлеңдер. – Ақтөбе, 2011. – 48 б.
10. Қалдина Г. – URL: <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/825> (қаралған күні: 10.04.22).
11. Ақдәулетұлы М. Қайырлы, қазыналы жол болғай! // Үн. – Ақтөбе, 2012. – 124 б.
12. Қалдина Г. Әке әлдиі... Өлеңдер. – Алматы: «Жалын», 2012. – 160 б.
13. Қалдина Г. Үн. – Ақтөбе, 2012. – 124 б.
14. Тұрсынбайұлы Б. Жастар әдебиетіне тек Тынштықбек пен Ақсұңқарұлы өлшем емес. – 22 желтоқсан 2012. - URL: <https://abai.kz/post/15649> (қаралған күні: 10.04.22).

References

1. Baitursynuly A. Altytomdyk shygarmalar zhinagy [Collection of sixtomic works] («El-shezhire», Almaty, 2013, 384 p.).
2. Kamzabekuly D., Omarov B., Sharip A. Ulttyk adebiet zhane dasturli mentaldik. [National literature and traditional mental]. Monograph («ARNA-B», Almaty, 2013, 192 p.).
3. Satershinov B.M. Kazirgi Kazakstan madenieti damuynyn negizgi bagdarlary men kaishylyktary [The main directions and contradictions of the development of the culture of modern Kazakhstan] (Almaty, 2000, 26 p.).
4. Gabitov T. Kazak filosofijasy: ulttyk ideja ken matininde [Kazakh philosophy: the national idea in the broad text] («Raritet», Almaty, 2010, 241 p.).
5. Nurgali R. Shygarmalary. T.3: Soz onerinin estetikasiy [Works. Vol. 3: aesthetics of the art of the word] («Foliant», Astana, 2013, 388 p.).
6. Kirabaev S. Ult tauelsizdigi zhane kazak adebieti: adebiattik zertteuler, syn makalalar, estelikter («Zhibek joly», Almaty, 2011, 596 p.).
7. Kurmankul auleti Bauyrzhan. Available at: https://aktobeonyry.blogspot.com/2018/11/blog-post_61.html (Accessed: 10.04.22).
8. Kurmankulov B. Beu, dunie-ai!.. Olender [O life. Songs] («A-Poligrafija», Aktobe, 2014, 216 p.).
9. Utemis I. Mejirim: Olender [Kindness. Poems] (Aktobe, 2011, 48 p.).
10. Kaldina Gylzhajnar [Kaldina Gylzhajnar]. Available at: <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/825> (Accessed: 10.04.22).
11. Akdauletuly M. Kajyrly, kazynaly zhol bolgaj! [Safe and secret road], Un [Voice] (Aktobe, 2012, 124 p.).
12. Kaldina G. Ake aldii... Olender [Father's caress. Poems...] («Zhalyn», Almaty, 2012, 160 p.).
13. Kaldina G. Un [Voice] (Aktobe, 2012, 124 p.).
14. Tursynbaiuly B. Zhastar adebietine tek Tynyshtykbek pen Aksunkaruly olshem emes [For youth literature, the measure is not only Tynyshtykbek and Aksunkaruly]. December 22, 2022. Available at: <https://abai.kz/post/15649> (Accessed: 10.04.22).

О.К. Сұлтанғалиева¹, Б.А. Ердёмбеков²

¹Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова, Актөбе, Қазақстан

²Университет им.Шакарима г. Семей, Қазақстан

Национально-этнографические особенности казахской поэзии в эпоху независимости

Аннотация. В статье дается характеристика идейной специфики казахской поэзии периода Независимости, при этом комментируются и анализируются мнения о национальных ценностях, национальной идее, родной земле, общечеловеческих ценностях, национальном сознании. Проблема патриотического духа казахского народа заключается в том, что защита земли наших предков, любовь к родной земле – это явление, пронизывающее народное бытие. В статье рассматривается тема родного края, национальных ценностей в произведениях Бауыржана Курманкулова, представителя казахской поэзии периода Независимости. Проведен идейный анализ стихотворений поэта «Жымпиты», «Қырыққұдық» и «Домбыра үні» из цикла стихов «Туған жерде туған жырлар». Анализируются познавательные мысли,

построенные на народном бытии в амбициозных песнях поэта. Для поэтессы, журналиста Индиры Утемис в стихотворениях «Ойыл», «Туған жермен қоштасу», «Ауылға кетем» из цикла стихов на тему родного края характерна ностальгия лирического героя через нежные чувства о родном крае. Проанализированы пламенные стихи молодой поэтессы Гулжайнар Калдиной «Махамбеттің монологы», «Мағжанның монологы», «Қазақ – біз!», «Айбын», «Қазақ деген – осы біз!», которые пронизаны критическим духом, и стихотворение «Әке тілегі» на тему воспитания, национальных ценностей. Приводятся мнения известного писателя Мейрхана Ақдаулета, критика Бағашара Турсынбайұлы о творчестве поэтессы. Они обращают внимание на то, что поэтесса Г.Калдина обладает высоким художественным уровнем, умеет отразить подлинное развитие событий, и делают вывод, что ее стихи занимают важное место в нашей литературе периода Независимости.

Ключевые слова: литература периода Независимости, национальные ценности, национальная идея, родная земля, общечеловеческие ценности.

О.К. Sultangalieva¹, В.А. Yerdembekov²

¹*K.Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan*

²*Shakarim University, Semey, Kazakhstan*

National and ethnographic features of Kazakh poetry in the era of independence

Abstract. The article describes the ideological specifics of Kazakh poetry of the period of Independence, while commenting and analyzing opinions about national values, national idea, native land, universal values, national consciousness. The problem of the patriotic spirit of the Kazakh people is that the protection of the land of our ancestors, the love of the native land is a phenomenon that permeates the national being. The article deals with the theme of the native land, national values in the works of Bauyrzhan Kurmankulov, a representative of the Kazakh poetry of the Independence period. An ideological analysis of the poet's poems «Zhympity», «Kyrykkudyk» and «Domyra uni» from the cycle of poems «Tugan Zherde tugan zhyrlar» was carried out. The cognitive thoughts based on folk life in the poet's ambitious songs are analyzed. The poet, journalist Indira Utemis in the poems «Oyil», «Tugan germen koshtasu», «Auylga ketem» from the cycle of poems on the theme of the native land is characterized by nostalgia of the lyrical hero through tender feelings about the native land. The fiery poems of the young poetess Gulzhainar Kaldina «Makhambettin monology», «Magzhannyn monology», «Kazak – biz!», «Aybin», «Kazak degen – wass biz!», which are imbued with a critical spirit and the poem «Ake tilegi», built on the theme of education, filled with national value, are analyzed. The opinions of the famous writer Meyr Khan Akdaulet, critic Bagashar Tursynbayuly about the poet's work are given. They draw attention to the fact that the poet G.Kaldina has a high artistic level, a genuine development of events and concludes that his poems occupy an important place in our literature of the period of Independence

Keywords: literature of the era of Independence, national values, national idea, native land, universal values.

Авторлар туралы мәлімет:

Сұлтанғалиева О.Қ. – қазақ әдебиеті кафедрасының PhD докторанты, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан.

Ердембеков В.А. – қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы, Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы университет, Семей, Қазақстан.